«Бекітілді»
«Зере» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі: Қузенбаева У.Б
02.09 2025 ж.

«Зере» бөбекжай - балабақшасының
10 топтағы ата-аналар жиналысы
2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» баяндама 2.«Бала тілі - бал» пікірталас 3.Психолог кеңесі «Баланыз балабақшаға қандай көңіл-күйде келеді?» 4.Медбике кеңесі	Қыркүйек	Тәрбиешілер Психолог медбике
2	1.Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Қысқызығы» 2. «Тілектер күні» күні 3.Психолог кеңесі «Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?» 4. Медбике кеңесі «Ковидтен сақтану жолдары»	Желтоқсан	Тәрбиешілер Психолог медбике
3	1.«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» кеңес 2.«Ата-аналарға арналған 10 кеңес» кеңес 3.Психолог кеңесі «Баланы үйде оқытуды қалай ұйымдастыруға және үрейге ұшырамауға болады» 4.Медбике кеңесі «Тазалық-Денсаулық кепілі»	Наурыз	Тәрбиешілер Психолог медбике
4	1.Ата-аналарды жазғы маусымның шынықтыру жұмыстарымен таныстыру. 2.Білім көрсеткіш мониторингтерімен таныстыру 3. «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» кеңес 4.Медбике кеңесі «Иммунетті көтеру кезеңдері?»	Мамыр	Тәрбиешілер Психолог медбике

«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі »

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Ересек «Жауқазын» топтағы ата-аналар жиналысы

Жиналыс уақыты:19.09.2025ж Сағат: 17:00
Өткізілген орны: «Жауқазын» тобы
Тәрбиеленушілер саны:25
Қатысқандар:9
Топ тәрбиешілері, психолог, ата-аналар .
4.Медбике кеңесі

Тақырыбы: 1.«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» баяндама

2.«Бала тілі - бал» пікірталас

3.Психолог кеңесі «Баланыз балабақшаға қандай көңіл-күйде келеді?»

Күнтәртібі:

1. Жиналыстыңашылуы (5-10 минут):
    - Тәрбиеші қатысушыларды қарсыалып, жиналыстың мақсатымен таныстырады.
    - Күнтәртібі туралы ақпарат беріледі.

1-тақырып: « Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі »
Баяндама жасаған:Топтың тәрбиешісі
2-тақырып: .«Бала тілі - бал» пікірталас
Тәрбиешілер жеке-жеке тоқталып дағды дамуын,топтық жұмыстарын бақылауын ата-аналарға хабарлады.
3-тақырып: Психологиялық тренинг
Мақсаты:Ата-аналармен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, сенімділікті арттыру.
Тренинг бағдарламасы:

1. "Эмоциялар айнасы" ойыны:
    - Ата-аналармен балалар бір-бірінің эмоцияларын көрсетіп, түсініп, қайталайды.

4- тақырып:Медбике кеңесі

Балабақша медбикесі күз мезгіліндегі пайдалы тағамдарды,дұрыс тамақтану ережесін,күз мезгіліндегі жұқпалы аурулардан сақтану жолын т.б кеңестерімен бөлісті.

Ата-аналар сұрағы :Ата-аналар комитеті Ақжолдың анасы Алтынбай Ақбота,оқуға жол жүруіне байланысты комитет болудан бастартанын ескерткен.Осы жиналыста ақылдасып бір шешімін шығарайық.

Жиналыстың қорытындысы:

1. Ата-аналарға « Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі » туралы ақпарат берілiп, тиімді әдістер ұсынылды.
2. Тренинг арқылы ата-аналар өз балаларына көбірек көңіл бөліп, олардың ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік алды.

Қабылданған шешімдер:

- Ата-аналарға балалардың дербестігін дамытуға бағытталған әрекеттер жасау.
- Ата-аналар комитеті Сұлтанның анасы Мухамебетова Гүлжамал,Көмекшісі сулайман анасы: Рысқұлов Арай

Баяндама

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі»

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі баяндамамыздың тақырыбы – бала тәрбиесіндегі әкенің орны мен рөлі. Әдетте отбасыдағы тәрбиенің негізгі бөлігі ананың мойнында деп ойлаймыз. Алайда, әкенің ықпалы мен қамқорлығы баланың жан-жақты дамуына ерекше әсер ететіні белгілі.

Әке – отбасының тірегі, отбасының тәртіп орнатушысы әрі балаға үлгі болатын тұлға. Әкенің қарым-қатынасы мен тәрбиелік ұстанымы балаға өмір бойы жол көрсетуші бағдар бола алады.

Әкенің бала тәрбиесіндегі негізгі рөлі:

Жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Әке балаға міндетті атқаруды, уәдеге беріктікті үйретеді.

Еңбекқорлыққа баулу.

Әкенің еңбегі мен кәсібін көру арқылы бала еңбек етуге құштар болады.

Өзін-өзі қорғауға, ержүректілікке тәрбиелеу.

Әке – баланың қорғаны, сенімді тұлғасы. Әке мейірімі мен қаталдығының үйлесімі балаға өмірдің қиындықтарына дайын болуға көмектеседі.

Әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Әке балаға қоғамдағы ер адамның орнын, қарым-қатынас мәдениетін, жауапты шешім қабылдауды көрсетеді.

Ұлттық құндылықтарды дарыту.

Әке – отбасындағы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың жеткізушісі.

Әке ықпалының маңызы:

Ғалымдардың зерттеуінше, әкенің белсенді тәрбиесіне қатысқан балалардың бойында:

өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары болады;

достарымен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы жеңіл қалыптасады;

оқу үлгерімі жақсы, болашақта табысты болуға бейім келеді.

Қорытынды:

Әке – отбасы бақытының, бала болашағының кепілі. Сондықтан әрбір әке баласының жан дүниесін түсініп, онымен уақыт өткізіп, әңгімелесіп, үлгі көрсетіп отыруы қажет. «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген халық даналығы бекер айтылмаған.


ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР


ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР

№2 хаттамасы

Ересек «Жауқазын» тобының Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: **«Тілектер күні»**

Жиналыс уақыты:11.12.2025ж Сағат: 16:30

Өткізілген орны: «Жауқазын» тобы

Тәрбиеленушілер саны:25

Қатысқандар:6

Топ тәрбиешілері, психолог, ата-аналар .

Тақырыбы:

1.Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Қысқызығы»

2. «Тілектер күні» күні

3.Психолог кеңесі«Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?»

4. Медбике кеңесі «Ковидтен сақтану жолдары»

Күнтәртібі:

1. Жиналыстыңашылуы (5-10 минут):
   - Тәрбиеші қатысушыларды қарсыалып, жиналыстың мақсатымен таныстырады.
   - Күнтәртібі туралы ақпарат беріледі.

1-тақырып: Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Қысқызығы» Көрме туралы ақпарат беру.

2-тақырып: «Тілектер күні» күні Тыңдалды:

Тәрбиеші «Тілек күні» туралы түсіндіріп, бұл күннің мақсаты – балаларды мейірімділікке, бір-біріне жақсы сөз айтуға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу екенін айтты.

Сөйлегендер:

Ата-аналар баланың эмоциялық дамуына мұндай күндердің пайдалы екенін атап өтті.

3-тақырып: Психолог кеңесі«Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?» Тыңдалды:

Тәрбиеші баланың жағымсыз әрекеттерді көбінесе үлкендердің іс-әрекетінен, отбасындағы қарым-қатынастан, теледидар мен телефондағы бейнематериалдардан, сондай-ақ басқа балалардан үйренетінін айтты.

Сөйлегендер:
Ата-аналар баланың жанында жағымды үлгі көрсету маңызды екенін атап өтті.

4-тақырып: Медбике кеңесі «Ковидтен сақтану жолдары»

Тыңдалды:
Тәрбиеші ковид індетінен сақтану жолдары туралы айтып өтті: қолды жиі жуу, жеке гигиенаны сақтау, ауру белгілері болса баланы балабақшаға әкелмеу.
Сөйлегендер:
Ата-аналар санитарлық талаптарды сақтау қажеттігін қолдады.

Қаулы етті:
– «Тілек күнін» топта ұйымдастыру;
– Балаларды жақсы сөз айтуға, алғыс білдіруге үйрету.

– Үйде балаға дұрыс үлгі көрсету;
– Телефон, теледидар көру уақытын шектеу;
– Баламен жиі сөйлесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

– Балалардың денсаулығын күнделікті бақылау;
– Ауру белгілері байқалса, дер кезінде дәрігерге қаралу;
– Балабақша талаптарын сақтау.






ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Ата-аналар жиналысының 3-хаттамасы
Тақырыбы: «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»
Өткізілген күні: 11.03.2026ж
Тобы: «Жауқазын» ересек тобы.
Өткізілген орны: топ
Қатысқандар: ата-аналар, тәрбиешілер

Күн тәртібі:
«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама.
Балабақша мен отбасы тәрбиесінің бірлігі.
Ата-аналармен пікір алмасу, кеңес беру.
Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі сөз сөйлеп, бала тәрбиесіндегі отбасының орны ерекше екенін айтты. Баланың бойына ұлттық тәрбие, адамгершілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттерін сіңіру ата-ананың басты міндеті екені түсіндірілді.
Сонымен қатар қазіргі таңда балалардың телефон мен теледидарға тәуелді болмауына көңіл бөлу, олармен көбірек әңгімелесу, бірге ойын ойнау, кітап оқу қажеттігі айтылды.
Балабақша мен ата-ана бірлесе жұмыс жасағанда ғана бала тәрбиесінде жақсы нәтиже болатыны түсіндірілді.

Сөйледі:
Ата-аналар өз ойларын ортаға салып, балалардың тәрбиесі мен мінез-құлқы туралы пікір алмасты. Кейбір ата-аналар балаға ұлттық құндылықтарды үйретудің маңыздылығын айтып өтті.
Тәрбиеші ата-аналарға балаларға жылы сөз айтып, жетістіктерін мадақтап отыру керектігі жөнінде кеңес берді.

Қаулы:
Балаларға ұлттық тәрбие беру жұмыстары отбасы мен балабақшада бірлесе жүргізілсін.
Ата-аналар балалармен күнделікті сөйлесіп, бірге уақыт өткізуге көңіл бөлсін.
Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ұсынылсын.
Балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс нығайтылсын.

Жиналыс төрайымы: _____
Хатшы: _____

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ 4-ХАТТАМАСЫ
Тақырыбы: «Жазғы маусымдағы шынықтыру жұмыстары»
Өткізілген күні: 12.05.2026ж
Тобы: «Жауқазын» ересек тобы
Қатысқандар саны: 8

Күн тәртібі:
Жазғы маусымдағы балаларды шынықтыру жұмыстары туралы таныстыру.
Балалардың денсаулығын нығайту жолдары.
Ата-аналармен пікір алмасу.

Тыңдалды:
Топ тәрбиешісі жазғы маусымда жүргізілетін шынықтыру жұмыстары туралы айтып өтті. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таза ауадағы серуен, күн, ауа және су процедуралары, қимылды ойындар, таңертеңгілік жаттығулар ұйымдастырылатыны түсіндірілді.
Сонымен қатар балалардың жаз мезгілінде қауіпсіздігін сақтау, жеңіл киім киіндіру, бас киім тағудың маңыздылығы айтылды. Ата-аналарға үй жағдайында да шынықтыру жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

Сөйледі:
Ата-аналар балалардың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, өз пікірлерімен бөлісті.

Қаулы:
Жазғы маусымда балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған шынықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
Ата-аналарға үй жағдайында балаларды шынықтыру жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.
Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына ерекше көңіл бөлінсін.
Жиналыс төрайымы: _____
Хатшы: _____